



# ПРИОЗЕРСКИЙ

18+

№ 38/630

20 сентября 2019 года

газета издается с 26.06.2004 года

## Вестник

1-Қазан – Қарттар күні

Халқымызда «Кәрінің бәрі игі» - деген ежелден келе жатқан нақыл сөздер бар. Қазақ халқы қашанда үлкенге құрмет, кішіге ізет көрсеткен халық. Ата-бабаларымыздың сара жолын жалғастырып, бүгінгі күні өскелең ұрпаққа үлгі-өнеге көрсетіп, өмірден білген-түйгендерін жастарға үйретіп отырған осы ақ сақалды аталарымыз бен ақ жаулықты әжелеріміз. Шынымен де, «қарт адам – қазына» деген сөздермен толықтай келісетін, себебі қария, ақсақалдар – үйдің берекесі, ақылын айтар дана кісілер. Шаңырақтың шаттығын сақтап, бірлігін бекем етуге ақылып айтар елі мен жерінің кеңесшісі, үйдің ажарын кіргізіп отыратын да осы кісілер.

Бала кезімізде ақ сақалды аталарымыз бен ақ шашты әжелеріміздің «Жасымда қаншалықты бейнет берсең, қартайғанымда соның зейнетін көрсете көр», – деп жарат-қанға жалбарынып отырғандарына талай куә болдық. Бұған қоса олар адам баласының әдемі қартай білуінің өзі баға жетпес бақыт екенін әр сөздеріне тұздық ететін. Сол уақыттары бұл қылықтарына күле қарап, кәрі адамға әдеміліктің не қажеті бар дейтінбіз. Сөйтсек қарттар сөзінің жаны бар екен. Адамның жаратылғаны секілді әркімнің әртүрлі қартайтыны заңдылық. Біреулер шау тартқан шағында үрім-бұтағының ғана емес күллі жұрттың ықыласына бөленіп, ардақтысына айналса, кейбіреулердің балашағаның берекесін қашырып жүріп берекесіз шал-кемпір атанатыны шындық.

Қалай дегенде де Алланың берген ғұмырын әркім өз ақыл-парасатымен мәнді етпек. Қоғамның ізгілігі – балалар мен қарттарға жасалған қамқорлықпен бағаланатыны бұлжымас ақиқат. Бұл тұрғыда еліміздегі қариялар мәселесіне тоқталар болсақ, қарттар мен мүгедектер, қорғаушысы жоқ кембағалдар жалпы зейнеткерлер жайы ешқашан назардан тыс қалған емес. Жыл сайын ардагерлерімізді 9-мамыр Жеңіс күнінде және жыл сайын аталып өтетін «Қарттар күнінде» құрметтейміз. Үлкендерге деген сый-құрметтің бір күннің аясында шектеліп қалмау керек. Адам баласының бойындағы бұл ізгі ниет – Алла Тағалам бұйыртқан әрбір секундтың еншісінен бөлінбек емес, бөлін-бейді де. Өйткені, бүгінгі жас – ертеңгі қарт. Осы заңдылыққа бас иген қазақ қашаннан үлкенді сыйлауда тәспісінен жаңылмаған. Халқымыз-

## КӘРІНІҢ БӘРІ ИГІ

дың «Үлкенге – құрмет, кішіге – ізет» немесе «Атаңа не қылсаң, алдына сол келеді» секілді пәлсапалық мәні зор қағидаларының жасқа да, жасамысқа да бағдаршам іспеттес болуы соның жарқын айғағы. Аузы дуалы ақсақалы бар ел жастарының қашанда жөнсіздік пен жолсыздыққа бой ұрмасы хақ. Бұған бала тәрбиесіне ерекше ден қойған бабаларымыздың «атаннан бота қалмасын, бата қалсын», «түбіріне қарай бұтағы, тегіне қарай ұрпағы» деген қанатты сөздері дәлел. Әрі бізге бұл тағылымдар тарих беттерінен белгілі. Сондықтан, қоғамымызда түрлі діл, дін, тіл өкілдерінің өмір сүруіне қарамастан, түсіністіктің, сыйластықтың орнауында аға ұрпақтың да үлесі ерен. Қазақ отбасындағы ата мен әженің орны ерекше әрі қадірлі. Әже – отбасының ғана емес, әулеттің де ұйытқысы, ағайын-туғанның, абысын-ажынның бірлігін, татулығын сақтайтын сыйлы анасы, кейінгі жастардың, келіндердің тәрбиешісі әрі ақылгөйі.

Жаһандану дәуірі жетті. Жастар өз ұрпағына заманауи, жан-жақты тәрбие бергісі келеді. Түрлі тілдерді меңгертіп, сан алуан кәсіптің құлағында ойнаса деп армандайды. Бұл өте дұрыс. Болашағының бақытын ойламайтын ата-ана жоқ. Бірақ, сол армандар мен мақсаттарды қалай және қашан жүзеге асырмақ? Танертеннен қара кешке шейін жұмыста. Демалыс күндері үйдің ұсақ-түйек шаруасы. Баланы үш жасқа жетілдірмей-ақ, балабақшаға тапсырып, санасына жастайынан сіңірілуі тиіс тәрбиенің мазмұнды бөлігінен құр қалдырамыз. Мұндайда әрбір баламен жеке жұмыс жасайтын тәрбиеші қайда? Демек, бала үйде де, түзде де ұлттық тәрбиеге жарымайды. Жарылқайтын ата-ана жоқ. Қызметіндегі «стрестік ахуалымен» тек тыныштықты қалап барады үйіне. Сөйтіп, баласымен сөйлесу былай тұрсын, артық қимылы үшін жекіп-нұқып, өз бөлмесіне «қампа» қоямыз. Ал, ата-әжесімен әңгімелесіп отырған баланы көз алдыңызға елестетіңізші! Әңгімелері қандай жарасымды! Бірінің тілін бірі білетіндей. Өзіне жағымды болған әңгімелесуден кейін, баланың кенет көңіл күйінде үлкен өзгерістер байқалады. Қуанады, сұрақтарды үсті-үстіне қояды, тіпті

сауал қоярдың алдында кәдімгідей ойланады, жауабына қанағаттанса шаттанады, себебі әжесі жәй ғана баяндап қоймай, көңіл кілтін анықтап алғандай, өзгелерге емес, дәл өзіне ғана арнап айтады. Қариясы бар үйдің қазынасы бар деп осындайды айтады. Мұндай ата-әжелерден біздің қаламызда тұратын балақайлар да құралақан емес. Немерелері күндіз балабақшада болғанымен, кеш түспей үйлеріне ата-әжелерін сағынып жететін немерелер олардан соны әңгіме, тың ертегілер күтіп келеді. Қазіргі заманның балалары қаншама телефонға әуес десек те, ата-әжелерінің әңгімесін есітуді қалайтын балалар барын жоққа шығара алмаймыз. Ондайлар бар және болады да. Осы жерде көріп-біліп, ой түйіп жүрген төмендегі мәселеге оқырман назарын аударғым келеді:

Қарт адамдар күнделікті және ауыр жұмыстардан босатылғасын, олар көбінесе үй жұмыстарымен және немере, шөберелерін тәрбиелеумен айналысады. Олар тәрбиелеуде өзінің өмірлік тәжірибесінде жинаған бар жақсы жиған-тергенін соларға беруге тырысады.

Ереже бойынша, отбасында тұратын зейнеткерлер үй жұмыстарымен айналысады. Олар бәрінен ерте тұрады. Отбасындағы басқа қызмет істейтін мүшелерге ас даярлап береді. Немерелерін тамақтандырып, оларды киіндіріп мектепке аттандырады. Содан соң дүкенге немесе базарға барып, тәтті де арзан азық-түлік алуға тырысады. Үйлерін жинап, көрші-қоланға соғып, жаңа жаналықтармен бөліседі. Отбасында жазылатын газет-журналдарды оқиды. Немерелерін мектептен қарсы алып, олармен серуенге шығады. Осылайша көптеген зейнеткерлердің бос уақыты өтеді.

Қарт адамдардың денсаулығы көп жағдайда отбасындағы қарым-қатынас түріне байланысты, яғни адамгершілікті, қайырымды, қайырымсыз болуы, жылы шұрайлы қарауы. Бұдан басқа қарт адамдар туралы көптеген мәселелер тыңдайды. Кейбір 55 – 60 жасқа толып, зейнеткерлікке шыққан әйел адамдар үйде бос отырып, тәрбиеші қызметін атқарғысы келмейді. Олар қоғамға әлі де болса пайдасын тигізгісі келеді. Әртүрлі

мемлекеттердің зерттеу жүргізуі бойынша, қарт адамдар көп жағдайда өздері жалғыз тұрғысы келеді, ал басқа қарт адамдар өзінің отбасымен, яғни балаларымен тұрғысы келеді. Ол – отбасындағы ауа райына баланыс-



ты, яғни балалардың үлкендерге деген сыйластығы, көзқарасы, адамгершілік қасиеті, балардың үлкендерді жақсы күте білуі және тағы да басқалар. Яғни, қарттардың да қоғамда өзіндік орны бар. Әсіресе, қазақ халқының қарттарға деген назары бөлек. Біз оларды сыйлауды, құрметтеуді хәм жастарға үлгі етуді көкесп тұрамыз. Осы ізет-құрметке қарттарымыз да лайықты жауап қатып отырса игі.

Бүгінгі таңда қаламызда соғыс ардагерлері калмады. Олардың орнын тыл ардагерлері басқанымен, бұлардан да санаулы ғана жандар бізбен қатар ғұмыр кешуде. Атап айтқанда, Мұхамбетияр Бекназаров, Төретай Құлмағанбетов, Сергей Барсуков, Нина Волкова, Петр Калинин, Евдокия Кузнецова, Клавдия Куумина, Мария Мотрина, Варвара Савченко, Людмила Степанчук, Юлия Шпак, Зоя Свиридова және Мирон Лысаковтар тылда еңбек еткен, ізет-құрметке лайық жандар. Қаланың құрметті азаматы, ардагер ұстаз Тамара Львовна Абрамованы қалада танымайтын жан жоқ. Бар ғұмырын шәкір тәрбиесіне арнаған байырғы ұстаздың алдында баршамыз бас иеміз.

Қаламыздың қарттары – ата-әжелерімізді өздерінің төл мерекелерімен газет ұжымының атынан шын жүректен құттықтаймыз және ол кісілерге зор денсаулық, ұзақ өмір, бақытты қарттық, жұрт тарапынан ізет-құрмет тілейміз!

Нұрғали ҚАРАБЕКТЕГІ,  
ҚРЖО мүшесі, ақын.

### Әлеуметтік-мәдени акция

«Приозерск қалалық кітапханасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінде «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында 2019 жылдың 17 қыркүйегі күні «2019 жыл - Жастар жылы» тақырыбында дәстүрлі түрде үшінші мәрте «Кітапхана түні» әлеуметтік - мәдени акциясы ұйымдастырылып өткізілді. Мақсаты: жастарды кітапханаға тарту, сол арқылы кітап оқу мәдениетін қалыптастыру, оқуды қолдау, кітапқа деген қызығушылығын дамыту, жаңаша бағытта танымдық-интеллектуалдық бағдарламаларға қатысып, тиімді өткізуге оқырмандарды тарту. Акция алдында бірнеше күн бұрын афиша ілініп, қала мекемелері мен мектептерге бағдарламасы мен шақыру қағазы үлестіріліп, хабарландыру жұмыстары жүргізілді. «Кітапхана түні» күзгі кештердің бірін кітапханада ең жақсы естеліктер сақталатын тамаша оқиғаға айналдырды.

«Кітапхана түні» атты әлеуметтік-мәдени акцияның салтанатты ашылуын Достық балалар шығармашылығы орталығының «Вдохновение» би тобының бишілері «Үкілім» атты қазақ биімен бастап, кітапхана директоры Кенжебекова Павлина Сиязбековна құттықтау сөз сөйлеп, кітапхананың тұрақты оқырмандарын

## КІТАПХАНА ТҮНІ - 2019

алғыс хаттармен марапаттады. Е.Қалжігітов орындаған «Жан анам» әні, «Вдохновение» би тобының «Матрешки» орыс биі қатысушыларға ерекше көңіл-күй сыйлады. Жүргізуші Канагатова Фариза келген қонақтарды «Кітапхана түні - 2019» акциясының бағдарламасымен таныстырып, белсене қатысып, уақыттарын қызықты өткізуге шақырды.



Кітапхана алаңында «Поэзия әлемі» (Ф.Оңғарсынова 80 жыл, Қ.Аманжоловқа 108 жыл), «Дана бабам, дара тұлғам - Әйтеке

би», «Рухани жаңғыру және алаш зиялылары» (Т.Рысқұлов 125 жыл, Мұстафа Шоқай 130 жыл), «Үш бәйтерек: тағдыр мен тағылым» (І.Жансүгіров, Б.Майлин, С.Сейфуллин 125 жыл), «2019 жыл - Жастар жылы» кітап көрмелері құрылып, «Оқи және өзгеге сыйла!» акциясы, кітапты насихаттаудың қазіргі формасының бір түрі - бук-кроссинг өткізілді. «Танысыңыздар, бук-кроссинг!» иллюстрацияланған кітап көрмесі қойылып, онда түрлі мазмұндағы әдебиет ұсынылды - балалар ертегісі, оқиғалар, қазақ, орыс және шетелдік классиктерінің романы мен әңгімелерінен бастап, детектив, фантастикаға дейін. Оқырмандар кітапты тегін алып, оқып болған соң айнала-сындағыларға, өзге біреулерге беру тапсырылды.

Жиналған қауым бір уақытта бірнеше шаралардың куәсі болды. Өзінің жас аралығы аудиториясына арналған әр бөлімдерде синхронды түрде іс-шаралар

өтті. Балалар кітапханасында жиналған балақайларға кітап беттерінен қазына іздеу «Сықырлы ертегілер әлеміне саяхат» танымдық ойын-саяхат, викториналар өткізіліп, балалар түрлі ойынға қанық болды. Оқу залында «Бір ел-бір кітап» акциясы аясында Ә.Тәжібаевтың «Жыр ғұмыры» атты лирика сағаты өтті. Іс-шараға поэзияны жақсы көретін, бағалайтын, оқуды жалғастырып, өлеңдерін жатқа оқитын адамдар келді. Содан кейін "ақындық толқын" әсерімен жүрген көрермендер сүйікті өлеңдерімен, кештегі эмоцияларымен қуана бөлісті. Сонымен қатар «Бір ел-бір кітап» акциясына арналған викториналық ойын-сұрақтар ойналды.

«Кітапханадағы түн» акциясының негізгі аудиториясы - жастар. Жастар кітапханадан тамаша шығармашылық - демалыс аумағын көрді. Кітапхананың Білім орталығында қалалық жастар ресурстық орталығының жастары семинар-тренинг, түрлі ойындар өткізді. Кітапхана түніндегі барлық бағдарламаларға қала жұртшылығы белсене қатысып, кітапханада оқырмандар қатары жаңа оқырмандармен толықты. Ұйымдастырылған мерекелік шара қала тұрғындары үшін маңызды да қызықты демалыс кеші болып, қала тұрғындары алғыс білдіріп тарасты.

«Приозерск қалалық кітапханасы»  
коммуналдық мемлекеттік мекемесі



## О КАЗАХСТАНЕ, КИТАЕ, И НЕ ТОЛЬКО. К ВИЗИТУ ПРЕЗИДЕНТА КАЗАХСТАНА В КНР

(Продолжение, начало в № 37/628)

Наполеон 200 лет назад сказал: «Пусть Китай спит, ибо когда он проснется, мир будет потрясен». Не знаю, что имел в виду или предвидел Наполеон – глобализацию или резкий выход Китая из изоляции, но одно очевидно: Китай проснулся. За 40 последних лет Китай совершил гигантский скачок и превратился в промышленную мастерскую мира. Китайский экспорт растет в геометрической прогрессии. Крупнейшие финансовые корпорации Запада и Японии постоянно инвестируют в китайскую экономику, которая уже без пяти минут экономика номер один в мире. Повсюду говорят о «китайской угрозе», все ведущие эксперты твердят, что Китай стремится к мировой гегемонии, что идет сильное противостояние Китая с США и коллективным Западом за мировое лидерство. На наших глазах разворачивается торговая война США и Китая. Пока выигрывает Китай, ибо уже четверть века ежегодное положительное сальдо в торговле в пользу Китая (в несколько сот миллиардов долларов).

Какое место занимает Казахстан в планах Китая (если таковые имеются, конечно)? Неужели экспансия, как заявляют некоторые, особенно импульсивные казахстанские патриоты? Ведь экспансия – это политика распространения своего политического и экономического влияния на другие страны с целью захвата чужих территорий и рынков сбыта. Захватил, захватывает или собирается захватить Китай землю Казахстана? Ответ один: не было, нет и не будет такого никогда. Ни территорию Казахстана, ни какого-либо другого государства Китай никогда и ни при каких обстоятельствах захватывать не собирается. В противном случае Китай перестанет быть Китаем и перечеркнет всю свою уникальную историю и культуру. Более того, малейшая территориальная агрессия вызовет коллапс в самом Китае, население которого – это 56 национальностей, а исследователи насчитывают более 80 отдельных национальных языков и диалектов. Когда кто-то серьезно начинает утверждать, что Китай в перспективе собирается «оприходовать» Казахстан, то это такой бред, на обсуждение которого не надо тратить и двух секунд. Поэтому, когда недавно в некоторых

городах Казахстана произошли антикитайские немногочисленные митинги, то посол Китая в Казахстане, забыв дипломатический этикет, воскликнул, обращаясь к митингующим: «Вы в своем уме?!» Я еще понимаю, когда синофобными предрассудками в этом вопросе страдают неграмотные люди, поверхностные и ограниченные, но когда бывший посол Казахстана в Китае говорит, что «население Китая огромно, а земли мало», что страны Центральной Азии могут потерять свою независимость, что Президенту Токаеву перед визитом в Китай надо открыто сказать своему народу, что китайская угроза для казахов существует, – то это за пределами моего понимания. 999 999 китайцев из одного миллиона передут

народов признания его центральной роли, демонстрируя образ потрясающей величественности, чтобы потенциальным агрессорам не могла даже в голову закрасться мысль проверить Китай на военную прочность. В новейшее время Китай стал образцом в проведении «реал-политик», адептом стратегических доктрин, четко и коренным образом отличавшихся от стратегии и дипломатии Запада. Борьба за сферы влияния и рынки сбыта, территориальные споры и затяжные экономические кризисы привели к двум мировым войнам в Европе в XX веке. Германия и Франция погубили миллионы жизней за Эльзас и Лотарингию, а Китаю никогда не приходила мысль установить какой-либо контроль над



на ПМЖ в Сингапур, Филиппины, Ванкувер или Лос-Анджелес, но не в Казахстан. Для меня это очевидно, как закон всемирного тяготения. Да сейчас в одной Америке живут и работают свыше 20 млн китайцев.

Рассматривает ли Китай Казахстан как рынок сбыта? Сейчас Китай рассматривает весь мир как рынок сбыта, но есть приоритеты. Безусловная зона китайских интересов – это Вьетнам, Бангладеш, Лаос, Таиланд, Камбоджа, Индонезия, Филиппины, Бирма, африканские страны. Это при том, что рядом постоянно находятся мощные и динамично развивающиеся японская и южнокорейская экономики. Вообще для Китая тихоокеанский и южноазиатский регионы жизненно важные не только экономически, но и для долгосрочных политических интересов и будущего процветания. Была давняя тысячелетняя китайская традиция – предлагать льготы и мастерски использовать политическую арену, терпеливо добиваться от соседних

Японским архипелагом или присоединить Корею. Многовековая, насыщенная событиями история учила китайское руководство тому, что не каждая проблема имеет свое быстрое решение и что чересчур большой упор на полное господство над каким-то отдельным событием может разрушить гармонию Джунго (так китайцы до сих пор называют свою страну – Среднее царство). Китайцы никогда не шли на риск. Там, где западные страны шли в стремительное наступление, для китайцев идеальной тактикой считалась искусная дипломатия, использование окольных путей и терпеливое накопление даже маленьких преимуществ. Китай 99 лет терпеливо ждал и дождался возвращения Гонконга и Макао. Уверен, что со временем и Тайвань станет частью Китая не только де-юре, но и де-факто. Если для великого немецкого военного теоретика Карла Клаузевица «война являлась продолжением политики, но другими средствами», то Сунь Цзы

### Реакция на событие

считал доминирующей такую политическую и психологическую позицию, при которой результатом конфликта становится отказ от конфликта. Для западных политиков важны победы в сражениях, для китайцев важны победы, делающие сражения ненужными.

На втором месте я бы обозначил рынки США и Европейского союза. Здесь китайцам пытаются закрыть дверь, но они пролезают в форточку. Эти гигантские рынки с самым высоким уровнем покупательной способности населения вообще невозможно представить без китайской продукции. Что касается стран СНГ, то здесь ограниченный и сдержанный интерес ввиду отсутствия нужной инфраструктуры и человеческого капитала. Тем не менее Китай выступает здесь крупнейшим кредитором и инвестором. Долг Кыргызстана перед Пекином – 30% от ВВП, Таджикистана – 25%, Беларуси – 13%, Узбекистана и Казахстана – менее 5%. 6,7 млрд долларов заложил Туркменистан. Конечно, есть опасения, что финансовая зависимость приведет к зависимости политической. Вашингтон постоянно предупреждает страны третьего мира, что их ждет долгое рабство от Китая. Часто приводят опыт Шри-Ланки. Правительству для погашения долгов перед Пекином пришлось на 99 лет передать Китаю недавно построенный на Индийском океане новый порт. Но это же в управлении! Порт же не ушел в направлении Южно-Китайского моря. Это не ирония. 20 лет назад китайцы занимались демонтажом крупнейших заводов в Западной Европе и кораблями перевозили заводское оборудование в морские порты Китая. Кстати, Казахстан, например, вложил 342 млн долларов прямых инвестиций в экономику Грузии и взял на 49 лет в аренду Батумский порт. Нам нужен выход к морю и, кроме северного пути (через Россию и Беларусь), нужен южнокавказский транспортный коридор с выходом в Турцию и в Европу.

В 2013 году Китай выдвинул грандиозную программу «Один пояс – один путь». Триллионы долларов будут выделены на строительство мостов, портов, железнодорожных и автомобильных дорог, трубопроводов и других инфраструктурных объектов от Тихого океана до Атлантики. Главная цель Китая – это не мировая гегемония, не экспансия ради экспансии, а создание инфраструктуры. Китайскую экономику так разогнали, что если ее остановить, то будет вселенская катастрофа, и начнется она прежде всего в

(окончание на стр. 3)



Глава государства Касым-Жомарт Токаев в ходе Республиканского совещания по вопросам развития села и агропромышленного комплекса, проходящего в Петропавловске, поручил Правительству усилить работу по защи-

## ПРЕЗИДЕНТ ПОРУЧИЛ ЗАЩИТИТЬ ВНУТРЕННИЙ РЫНОК КАЗАХСТАНА ОТ НЕБЕЗОПАСНОЙ ПРОДУКЦИИ

те внутреннего рынка РК от контрафактной, небезопасной продукции, передает Kazpravda.kz.

"Казахстан член ВТО и ЕАЭС. Вместе с тем интересы национального производителя, здоровье и безопасность граждан всегда должны быть нашим главным приоритетом. Исполнительной власти надо

усилить работу по защите внутреннего рынка от контрафактной, небезопасной продукции", – цитирует слова Касым-Жомарта Токаева пресс-служба Президента РК в Twitter.

"За годы независимости мы привлекли более 300 млрд. долларов прямых иностранных инвестиций. Вместе с тем в

### Актуально

сельское хозяйство направлен только 1% инвестиций. Следует значительно укрепить инвестиционную привлекательность отрасли", – отметил Президент РК.

"Мы должны уметь конкурировать и быть готовыми создавать хорошие коммерческие и фискальные условия, которые не будут меняться в зависимости от смены руководства отрасли или региона. Здесь велика ответственность и "Казахинвеста" и местных исполнительных органов", – сказал Глава государства.

источник: www.kazpravda.kz

## ӨСІМДІКТЕР КАРАНТИНІ САЛАСЫНДАҒЫ МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТТЕРДІ КӨРСЕТУДІҢ САПАСЫНА ШАҒЫМДАНУ ТӘРТІБІ

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің м.а. 2015 жылғы 29 мамырдағы № 4-4/500 бұйрығымен бекітілген Өсімдіктер карантині саласындағы мемлекеттік көрсетілетін қызметтер стандарттарының 11 және 12 баптарына сәйкес қызметті берушінің және олардың лауазымды адамдарының мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері бойынша шешімдеріне, әрекеттеріне не әрекетсіздігіне шағымдану тәртібі: [www.mo.gov.kz](http://www.mo.gov.kz) ресми интернет-ресурсында көрсетілген мекенжайлар бойынша көрсетілетін қызметті беруші басшысының атына беріледі. Шағым жазбаша нысанда

почта арқылы немесе қызметті берушінің кеңсесі арқылы қолма-қол қабылданады. Көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесінде шағымның қабылданғанын шағымды қабылдаған адамның тегі мен аты-жөні, берілген шағымға жауап алу мерзімі мен орны көрсетіле отырып, оның тіркелуі (мөртаңба, кіріс нөмірі мен күні) растайды.

Портал арқылы жүгінген кезде шағымдану тәртібі туралы ақпаратты бірыңғай байланыс орталығының 1414 телефоны бойынша алуға болады. Шағым портал арқылы жіберілген кезде көрсетілетін қызметті алушыға "жеке кабинетінен" көрсетілетін қызметті берушінің өтініші өң-

деуі (жеткізу, тіркеу, орындау туралы белгі, қарау немесе қараудан бас тарту туралы жауап) барысында жанартылатын өтініш туралы ақпарат қолжетімді болады.

Көрсетілетін қызметті берушіге келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы оны тіркеген күннен бастап 5 жұмыс күні ішінде қаралуы тиіс. Шағымды қарау нәтижелері туралы уәжді жауап көрсетілетін қызметті алушыға почта байланысы арқылы не көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесінде беріледі.

Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижелерімен келіспеген жағдайда, көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік қызметтер

### Тұрғындардың назарына

көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органға шағыммен жүгіне алады.

Мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органның атына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы оны тіркелген күнінен бастап 15 жұмыс күні ішінде қаралуы тиіс.

Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижелерімен келіспеген жағдайда, көрсетілетін қызметті алушы Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен сотқа жүгінеді.

**З.Қусаинова,**  
«ҚР АШМ АӨК МИК Приозерск ҚАИ» ММ өсімдіктер карантині жөніндегі мемлекеттік инспекторы

# О КАЗАХСТАНЕ, КИТАЕ, И НЕ ТОЛЬКО. К ВИЗИТУ ПРЕЗИДЕНТА КАЗАХСТАНА В КНР

Реакция на событие

(Окончание, начало на стр. 2)

самом Китае, когда десятки и сотни миллионов выйдут на площади и улицы. Китай закупает ежегодно свыше 200 млн тонн нефти, иначе экономика встанет. Китай вынужден строить дорогостоящий нефтепровод из Западного Казахстана в Западный Китай. Китаю нужна развитая инфраструктура в Африке, Азии, везде, где потенциально в будущем можно будет торговать. Китай и без этой грандиозной программы считался абсолютным мировым лидером по развитию промышленной инфраструктуры, перехватив инициативу у Америки, Европы и Японии, став основным поставщиком финансовых и материальных потоков. Весь Африканский континент на 20% от совокупного ВВП задолжал Китаю (свыше триллиона долларов). Америка и Запад крайне недовольны, но Китай не отягощает свое присутствие в Африке риторикой о правах человека и демократии, что создает дополнительную благосклонность со стороны политических элит стран континента. Население тоже довольно, так как строятся дороги, больницы, школы, электросети, маркеты для сбыта китайского ширпотреба. Но и про Европу Китай не забывает. КНР закрепляется в тех странах, которые переживают наиболее серьезные экономические и финансовые проблемы (Греция, Португалия, Италия). Недавно Госдеп США открыто предупредил Португалию, что нельзя китайцам отдавать под контроль крупнейшую энергетическую и авиакомпанию, банк, страховую фирму. И как быть, если Маргарет Тэтчер назвала в свое время китайцев самыми предприимчивыми людьми на планете?! Как быть, если последние 15 лет Китай постоянно располагает половиной мировых запасов валюты?

В апреле нынешнего года Елбасы Нурсултан Назарбаев участвовал в крупнейшем форуме в Пекине «Один пояс – один путь». Договорились о реализации 55 проектов для Казахстана на сумму 27 млрд 608 млн долларов. На форуме Назарбаев сказал: «Китай никогда не диктует свои условия, никогда не говорит: «Живите, как мы живем», как Запад учит нас всегда. Китай не говорит: «Мы будем вам помогать, а вы станьте, как мы», эта политика Китая нравится, привлекает». Понятна эта оценка в свете исторического экскурса и

всего вышесказанного о специфике и исключительности Китая и его подходов.

**Что это за проекты?**

1) Модернизация установки производства порошкового полипропилена; 2) производство легковых автомобилей бренда JAC методами крупно-узловой сборки; 3) производство рисового масла; 4) сухой порт в Хоргосе; 5) производство сухого кобыльего и верблюжьего молока; 6) производство штапельного волокна; 7) реконструкция Шымкентского НПЗ; 8) развитие многопрофильного автосборочного кластера; 9) проект по строительству стекольного завода; 10) вхождение Шанхайской фондовой биржи и Фонда Шелкового пути в МФЦА; 11) производство цемента; 12) строительство солнечной электростанции; 13) организация производства тракторов; 14) производство стальных сварных труб большого диаметра; 15) производство полипропилена; 16) производство кальцированной соли; 17) строительство электростанции мощностью 60 МВт; 18) модернизация Тургунской ГЭС-1; 19) строительство ветровой электростанции мощностью 100 МВт; 20) завод по производству промышленных взрывчатых веществ; 21) производство керамической продукции; 22) строительство солнечной электростанции; 23) строительство опреснительного завода пластовой воды; 24) строительство маслоэкстракционного завода; 25) выкуп доли в предприятиях по производству солнечных элементов; 26) производство мобильных буровых установок; 27) строительство ветряной электростанции мощностью 50 МВт; 28) переработка и производство изделий из натурального камня; 29) производство газовой сажи; 30) производство кабельной продукции; 31) горно-химико-металлургический комплекс в Жамбылской области; 32) промышленная разработка месторождения вольфрамовых руд; 33) производство комплексных сплавов.

Остальные проекты находятся еще на стадии подготовительной работы (завод электролитического марганца, переработка опасных нефтяных отходов, комплекс по переработке сельскохозяйственных культур, создание биохимического кластера, строительство ТЭЦ и другие).

Абсолютно во всех проектах иностранная рабочая сила в качестве менеджмента и 99% – местная рабочая сила. Создаются

десятки тысяч рабочих мест, и вся продукция гарантировано имеет рынок сбыта – Китай.

По официальным данным, в настоящее время в Казахстане по квоте привлечения иностранной рабочей силы находятся 4 300 китайских специалистов. Квота на 2019 год составляет 23 000 человек. Если есть опасения в области экологии, то можно и нужно установить общественный контроль перед реализацией проекта, все должно быть предельно открыто. Но как можно требовать фактически прекратить сотрудничество с Китаем – сверхдержавой, которая 28 лет поддерживает самые дружеские и плодотворные двусторонние отношения с Казахстаном?! Как можно недружелюбно относиться к ядерной сверхдержаве, имеющей 1 700 км границы с Казахстаном и являющейся сегодня одним из мировых лидеров в цифровых технологиях, инновационной экономике (5G Big Data), искусственном интеллекте, облачных технологиях, суперкомпьютерах, роботизации?! Китай богатеет и остро нуждается в качественной и экологически чистой сельхозпродукции, и здесь для Казахстана непаханое поле. Уже давно реализуются совместные инвестиционные проекты в области переработки и экспорта пшеницы, сахара, молока, мяса, шерсти, льна, томата, рапсового масла и другой сельхозпродукции. Конечно, хотелось бы СП с Китаем в области роботизации или Интернета вещей, для этого и запускался «Болашак» и создавался Назарбаев Университет, но я уверен, что это дело ближайшего будущего. Кстати, во время официального визита Президента Токаева в Пекин казахстанской стороне будет передан суперкомпьютер для обработки больших данных, подписаны соглашения в IT-технологиях. У нас есть талантливая и креативная молодежь, а власть создает для их творческого развития и эвристического мышления все условия. Без Казахстана невозможно осуществление проекта «Один пояс – один путь». Практически все транзитные сухопутные маршруты пролегают через Казахстан. Именно через нашу страну Китай быстро выходит на рынки СНГ, Европы и Ближнего Востока. С момента провозглашения независимости и установления дипломатических отношений между Китаем и Казахстаном все китайские лидеры всегда относились с

большим уважением и искренним интересом к нашей стране. Всегда руководитель Китая цементировал дружбу между нашими странами и развивал взаимовыгодное торгово-экономическое сотрудничество. Вот и сейчас китайский руководитель Синь Цзиньпин пригласил нашего Президента Касым-Жомарта Токаева с официальным визитом в Китай, чтобы закрепить все ценное, что есть в наших отношениях, и вывести, если потребуются, эти двусторонние договоренности на новый качественный уровень. Китайская сторона всегда высоко отмечала историческую роль Первого Президента Казахстана – Елбасы Нурсултана Назарбаева в установлении всестороннего казахстанско-китайского партнерства. Примечательно, что второй Президент Казахстана Касым-Жомарт Токаев еще в середине 70-х годов прошлого века, окончив МГИМО, начал дипломатическую карьеру на работе в посольстве СССР в Пекине. Он свободно владеет китайским языком, является своего рода китаеведом. О специфике Китая и значимости этой сверхдержавы для нашей страны можно много найти интересного и содержательного в книгах Токаева «Под стягом независимости», «Преодоление: дипломатические очерки казахстанского министра», «Свет и тень: очерки казахстанского политика», «Внешняя политика Казахстана в условиях глобализации» и других.

Казахстан с первых дней своего суверенитета взял твердый курс на многовекторную внешнюю политику, стараясь развивать сотрудничество со всеми центрами экономической силы и ключевыми геополитическими игроками. США и Европейский союз, например, опережают Китай по размерам инвестиций в экономику Казахстана, но не все измеряется инвестициями, кредитами и финансовой помощью. Казахстан не стремится быть крупным игроком на международной арене, но согласиться, что это уникально и весомо, что наша страна находится в ОДКБ с Россией, в ШОС с Китаем, имеет стратегические партнерские отношения с США, Великобританией и Узбекистаном. Находясь между Россией, Китаем и мусульманским миром, Казахстан будет продолжать многовекторную внешнюю политику, признанную всем миром и ставшую достоянием мировой дипломатии.

Ермухамет Ертусбаев

## ВНИМАНИЮ НАСЕЛЕНИЯ!

Согласно поручения заместителя Премьера Министра Республики Казахстан от 25.07.2019 года, с целью разработки региональных программ развития, запланировано проведение маркетингового исследования (скрининг) путем опроса предпринимателей и домашних хозяйств регионов для повышения доходов населения с 26 августа по 20 октября 2019 года.

В целях обеспечения безопасности и недопущения мошеннических действий в отношении граждан, привлеченные к анкетированию населения специалисты, будут обеспечены нагрудными бейджиками и подтверждающими документами (временными удостоверениями).

В связи с чем, просим жителей города относиться с пониманием.

Телефон для справок: 5-33-81

Отдел предпринимательства  
и сельского хозяйства  
города Приозерск

## ХАБАРЛАНДЫРУ \*\*\* ОБЪЯВЛЕНИЯ

### МФО «ЭВЕРЕСТ ФИНАНС» ЖШС

#### ШАҒЫН НЕСИЕ

- ✓ зейнеткерлер мен жұмыс істейтіндерге
- ✓ 5 000 теңгеден 400 000 теңгеге дейін
- ✓ кепілдіксіз екі аптадан алты жылға дейін
- ✓ несие тарихы бұзылған қарыз алушыларға
- ✓ 15 минутта!



#### МИКРОКРЕДИТЫ

- ✓ для пенсионеров и работающих
- ✓ от 5 000 до 400 000 тг
- ✓ без залога
- ✓ от двух недель до шести лет
- ✓ за 15 минут
- ✓ заемщикам с испорченной кредитной историей!

ЗЕЙНЕТКЕРЛЕРГЕ ЖЕҢІЛДІКТЕР!  
ПЕНСИОНЕРАМ СКИДКИ!

Г. БАЛХАШ, УЛ. БАЙСЕИТОВОЙ, Д. 8.

МАГАЗИН «МАСТЕРСКАЯ ЧУДЕС», 8 747 367 15 25, 8 (710 36) 4 87 28

### ПАРИКМАХЕРСКАЯ «МИЛОЛИКА» \*\*\*

Предлагает услуги по мужской и женской стрижкам, укладке, по маникюру, наращиванию ногтей и педикюру.

Ждем Вас по адресу:  
ул. Космонавтов, 5-107

Время работы:  
с 10.00 час. до 19.00час.  
Выходной - Понедельник

\*\*\*\*

Запись по телефону:  
мастера-парикмахеры:  
8-775-274-25-87 (Ангалий)  
8-747-970-25-81 (Карлыгаш).  
На маникюр: 8-708-235-35-19 (Анастасия)

Парикмахерская Милолика

Ваша красота -  
Наша работа!

СТРИЖКИ - УКЛАДКИ  
МАНИКЮР (АКРИЛ, ГЕЛЬ)  
ПЕДИКЮР

## ОБЪЯВЛЕНИЕ \*\*\* ОБЪЯВЛЕНИЕ

### НЕДВИЖИМОСТЬ

Продаю ДОМ – 9 000 000 тенге. Возможен торг.  
г. Караганда, ( город пр. Кольцевой), 3 комн. - 120 м<sup>2</sup>  
Ванна, центральная канализация, отопление  
на твердом топливе.

Огород 6 сот. Сарай, гараж, хоз.постройки  
Тел.: 87070343737, (87212)44-30-35

## ТҮРҒЫНДАРДЫҢ НАЗАРЫНА

\*\*\*

## К СВЕДЕНИЮ НАСЕЛЕНИЯ

**ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСЫ  
ПРИОЗЕРСК ҚАЛАЛЫҚ  
МӘСЛИХАТЫНЫҢ САЙЛАУ  
КОМИССИЯЛАРЫНЫҢ БОС ОРНЫНА  
КОМИССИЯ МҮШЕЛЕРІН САЙЛАУ  
ТУРАЛЫ ХАБАРЫ**

«Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасы Конституциялық заңының (бұдан әрі - Сайлау туралы Конституциялық заң) 10-бабына сәйкес Қарағанды облысының Приозерск қалалық мәслихаты аумақтық және учаскелік сайлау комиссияларының бос орнына комиссия мүшелерін сайлау туралы хабарлайды.

Аумақтық сайлау комиссиялары **жеті мүшеден тұратын құрамда** құрылады.

Учаскелік сайлау комиссияларының сандық құрамын учаскелердегі сайлаушылардың санына қарай қаланың аумақтық сайлау комиссиясы айқындайды.

Сайлау комиссияларының өкілеттік мерзімі бес жылды құрайды.

Әрбір саяси партия тиісті сайлау комиссиясының құрамына бір кандидатура ұсынуға құқылы.

Саяси партия сайлау комиссиясының құрамына осы саяси партияның мүшелері болып табылмайтын кандидатураларды ұсынуға құқылы.

Саяси партиялардың ұсыныстары болмаған жағдайда, мәслихаттар сайлау комиссиясын өзге қоғамдық бірлестіктердің және жоғары тұрған сайлау комиссияларының ұсынысы бойынша сайлайды.

Саяси партиялар, өзге қоғамдық бірлестіктер, олардың құрылымдық бөлімшелері және қалыптастырылушы комиссияларға қатысты жоғары тұрған сайлау комиссиялары 2019 жылғы **20 қыркүйектен бастап 01 қазанға дейін** мәслихатқа келесі құжаттарды тапсырады:

1) белгіленген нысан бойынша сайлау комиссияларының құрамына кандидатуралар туралы электрондық және қағаз форматтағы мәліметтер;

2) тиісті сайлау комиссияларының құрамына кандидаттарды ұсыну туралы саяси партияның, қоғамдық бірлестіктің немесе олардың филиалдарының (өкілдіктерінің) шешімі, жоғары тұрған сайлау комиссиясының шешімінен үзінді көшірме;

3) саяси партияның, қоғамдық бірлестіктің немесе олардың филиалдарын (өкілдіктерін) тіркеу туралы құжаттың көшірмесі;

4) кандидаттардың сайлау комиссиясының жұмысына қатысуға келісім беру туралы белгіленген нысан бойынша өтініштері.

Сайлау комиссияларының құрамына кандидатуралар туралы мәліметтердің нысандары, сайлау комиссияларының жұмысына қатысуға келісімі туралы кандидаттардың өтініштері мәслихат сайтында орналастырылған.

Сайлау комиссиясының құрамына ұсынылатын адам Сайлау туралы Конституциялық заңның талаптарына сәйкес келуі тиіс.

Сайлау комиссиясының мүшесі осы комиссияның құрамын қалыптастырған мәслихат орналасқан әкімшілік-аумақтық бірліктің аумағында тұруға тиіс.

Сайлау туралы Конституциялық заңның 23-бабының 3-тармағында көзделген сайлау учаскелерін құру жағдайларын қоспағанда, сайлау комиссиясы құрамының жартысынан көбі сол ұйымның қызметкерлері болмауға тиіс.

Сайлау комиссияларының құрамына жақын туыстары (ата-аналары, балалары, бала асырап алушылары, асырап алынған балалары, ата-анасы бір және ата-анасы бөлек аға-інілері мен апасындары (қарындастары), аталары, әжелері, немерелері) немесе жұбайы (зайыбы) кіре алмайды.

Мәслихатқа қағаз форматта ұсынылатын барлық құжаттарға қол қойылуы, мөр басылуы және орындалған күні, орындаушының тегі, аты-жөні және оның телефон нөмірі көрсетілген орындаушы туралы белгіні қамтуы тиіс.

Сайлау комиссияларының құрамы бойынша ұсыныстарды қабылдау **2019 жылғы 01 қазанға дейін** дүйсенбі - жұма күндері 08:30-18:00 сағат аралығында жүргізіледі, үзіліс сағат 13:00-ден 14:30-ге дейін.

**Приозерск қалалық мәслихаты**

Сәрсембеков Бекзат Мұқсыйнұлы - қалалық мәслихаттың хатшысы.

аттың орналасқан жері: Приозерск қаласы, Балхаш көшесі, 5 үй.

Жауапты адам - Шұға Бексейтқызы Мақышева - қалалық мәслихат аппаратының басшысы, қалааралық телефон коды (8 71039), жұмыс тел. 5-44-21, факс нөмірлері 5-22-26, 2 қабат.

**ҚАЛАЛЫҚ МӘСЛИХАТ ҚАЛАЛЫҚ САЙЛАУ  
КОМИССИЯСЫНЫҢ ЖӘНЕ УЧАСКЕЛІК САЙЛАУ  
КОМИССИЯЛАРЫНЫҢ БОС ОРНЫНА КОМИССИЯ  
МҮШЕЛЕРІН САЙЛАЙДЫ**

№ р/б	Сайлау учаскесінің нөмірі	Сайлау комиссиясының орналасқан жері	Сайлау комиссиясының мүшелерінің саны
1	2	3	4
<b>Қалалық сайлау комиссиясы</b>			
1		Приозерск қ., Пушкин көшесі, 7 үй, «Приозерск қаласы әкімінің аппараты» ММ ғимараты	2
<b>Учаскелік сайлау комиссиялары - 4</b>			
1	№ 257	Приозерск қ., Транспортная көшесі, 17 үй, «Приозерск қаласының орталық ауруханасы» КММ	4
2	№ 258	Приозерск қ., Достық көшесі, 20 үй, «№2 жалпы орта білім беретін мектебі» КММ	1
3	№ 259	Приозерск қ., Кисунько көшесі, 11 «а» үй, «№1 жалпы орта білім беретін мектебі» КММ	1
4	№ 260	Приозерск қ., Космонавтов көшесі, 2 үй, «Достық» балалар-жасөспірімдер шығармашылық орталығы» КМҚК	1

Приозерск қалалық мәслихаты, 20.09.2019 ж.

**СООБЩЕНИЕ ПРИОЗЕРСКОГО  
ГОРОДСКОГО МАСЛИХАТА  
КАРАГАНДИНСКОЙ ОБЛАСТИ  
ОБ ИЗБРАНИИ ЧЛЕНОВ КОМИССИИ  
НА ВАКАНТНЫЕ МЕСТА  
ИЗБИРАТЕЛЬНЫХ КОМИССИЙ**

В соответствии со статьей 10 Конституционного закона Республики Казахстан «О выборах в Республике Казахстан» (далее – Конституционный закон о выборах) маслихат города Приозерск Карагандинской области сообщает об избрании членов комиссии на вакантные места территориальной и участковых избирательных комиссий.

Территориальные избирательные комиссии образуются **в составе семи членов**.

Количественный состав участковых избирательных комиссий определен территориальной избирательной комиссией города в зависимости от количества избирателей на участках.

Срок полномочий избирательных комиссий составляет пять лет.

Каждая политическая партия вправе представлять одну кандидатуру в состав соответствующей избирательной комиссии.

Политическая партия вправе представлять в состав избирательной комиссии кандидатуры, не являющиеся членами данной политической партии.

В случае отсутствия предложений политических партий маслихат избирают избирательную комиссию по предложению иных общественных объединений и вышестоящих избирательных комиссий.

Политические партии, иные общественные объединения, их структурные подразделения и вышестоящие, по отношению к формируемым, избирательные комиссии **с 20 сентября до 01 октября 2019 года** представляют в маслихат следующие документы:

1) сведения о кандидатурах в состав избирательных комиссий по установленной форме в электронном и бумажном формате;

2) выписку из решения политической партии, общественного объединения или их филиалов (представительств), вышестоящей избирательной комиссии о представлении кандидатов в состав соответствующих избирательных комиссий;

3) копию документа о регистрации политической партии, общественного объединения или их филиалов (представительств);

4) заявления кандидатов о согласии на участие в работе избирательной комиссии по установленной форме.

Формы сведений о кандидатурах в состав избирательных комиссий, заявления кандидатов о согласии на участие в работе избирательных комиссий размещены на сайте маслихата.

Лицо, предлагаемое в состав избирательной комиссии, должно соответствовать требованиям Конституционного закона о выборах.

Член избирательной комиссии должен проживать на территории административно-территориальной единицы, в которой находится маслихат, сформировавший состав данной комиссии.

Более половины состава избирательной комиссии не должны быть работниками одной организации, за исключением случаев создания избирательных участков, предусмотренных пунктом 3 статьи 23 Конституционного закона о выборах.

В состав одной избирательной комиссии не могут входить близкие родственники (родители, дети, усыновители (удочерители), усыновленные (удочеренные), полнородные и неполнородные братья и сестры, дедушки, бабушки, внуки) или супруг (супруга).

Все документы, представляемые в маслихат в бумажном формате, должны быть подписаны, заверены печатью, и содержать дату исполнения, отметку об исполнителе, с указанием фамилии, инициалов и номера его телефона.

Прием предложений по составу избирательных комиссий осуществляется **до 01 октября 2019 года** с понедельника по пятницу с 08:30 до 18:00 часов, перерыв с 13:00 до 14:30 часов.

**Приозерский городской маслихат**

Сәрсембеков Бекзат Мұқсыйнұлы – секретарь городского маслихата.

Местонахождение маслихата: город Приозерск, ул. Балхашская, 5.

Ответственное лицо – Макишева Шуга Бексейтовна - руководитель аппарата городского маслихата, междугородний телефонный код (8 71039), сл. тел. 5-44-21, телефон факса 5-22-26, 2 этаж.

**ГОРОДСКОЙ МАСЛИХАТ ИЗБИРАЕТ ЧЛЕНОВ КОМИССИИ  
НА ВАКАНТНЫЕ МЕСТА ГОРОДСКОЙ ИЗБИРАТЕЛЬНОЙ  
КОМИССИИ И УЧАСКОВЫХ ИЗБИРАТЕЛЬНЫХ  
КОМИССИЙ**

№ п/п	Номер избирательного участка	Местонахождение избирательной комиссии	Количество членов избирательной комиссии
1	2	3	4
<b>Городская избирательная комиссия</b>			
1		г. Приозерск, ул. Пушкина, дом 7, здание ГУ «Аппарат акима города Приозерск»	2
<b>Участковые избирательные комиссии - 4</b>			
1	№ 257	г. Приозерск, ул. Транспортная, дом 17, КПП «Центральная больница города Приозерск»	4
2	№ 258	г. Приозерск, ул. Достық, дом 20, КГУ «Средняя общеобразовательная школа №2»	1
3	№ 259	г. Приозерск, ул. Кисунько, дом 11 «а», КГУ «Средняя общеобразовательная школа №1»	1
4	№ 260	г. Приозерск, ул. Космонавтов, дом 2, КГКП «Центр детско-юношеского творчества «Достық»	1

Приозерский городской маслихат, 20.09.2019 г.

**Собственник: ИП Струментов А.В.**

Газета «Приозерский вестник» зарегистрирована в Министерстве

связи и информации Республики Казахстан 15.03.2004 г. №4843-Г.

Свидетельство о переучете ППИ № 17414-Г от 24.12.2018 г.

Адрес редакции: 101100 г. Приозерск, ул. Космонавтов, д.5-106.

Справки по тел. +7-705-981-86-79 (Гл. редактор),

+7-702-604-02-60 (тех. редактор)

Е-mail: prz\_westnik@mail.ru Веб-сайт: www.prz\_westnik.kz

Газета отпечатана в ТОО «Арко» г. Караганда, ул. Сатпаева 15,

Заказ № 38/630. Тираж: 500 экз., объем-1 п.л.,

формат - А2, 4 стр.

**Главный редактор: Кенжебеков Б.А.**

Технический редактор: Струментов А.В.

Для подачи частных объявлений и рекламы

обращаться по тел: +7-705-466-60-63

Корреспонденция принимается на электронный

адрес: prz\_westnik@mail.ru

Газета распространяется в местах продажи газет и журналов (киоски печати, магазины, рынки), в редакции и частными распространителями в г. Приозерске и г. Караганда, а также по подписке во всех городах и районах области. Подписной индекс - 65041

Письма, рукописи, фотографии и рисунки не рецензируются и не возвращаются. Ответственность за точность приведенных фактов, статистических данных, собственных имен, географических названий и других данных несут авторы публикаций. Редакция не несет ответственности за содержание рекламных объявлений. Мнение авторов может не совпадать с мнением редакции. Перепечатка материалов без согласия редакции запрещена.